

**Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты
Ғылыми кеңес отырысының**

№ 2 хаттамасы

Өткізу уақыты: 2025 жыл 24 қыркүйек сағ.15.00.

Өткізу орны: *бейне конференц-зал (Әкімшілік ғимарат, 2 қабат)*

Күн тәртібі (қоса тіркелді)

Ғылыми Кеңес төрағасы Ғ. Есболаев: Құрметті ғылыми кеңес мүшелері. Бүгін ҒК №2 отырысы өткелі отыр. Күн тәртібінде 19 сұрақ қаралады (жоспар бойынша 12 сұрақ, жоспардан тыс 7 сұрақ). Қатысушылар сұрақтарыңыз бар ма? Қатысушылар – Сұрақ жоқ. Қолдаймыз

1. ТЫНДАЛДЫ:

Ғылыми кеңестің құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы
(*Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевтың ақпараты*)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Құрметті ғылыми кеңес мүшелері. Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Ғылыми кеңестің құрамы институт бастығының 2025 жылғы 8 сәуірдегі №76 бұйрығымен бекітілген болатын. Бұйрықтың негізінде 25 қызметкер, 1 магистрант, 1 курсант кеңес мүшелігінде болды (Жалпы 27 адам). Қазіргі таңдағы институттағы штаттық өзгерістерге байланысты кеңес құрамына қатысты бұйрыққа толықтырулар мен өзгерістер ұсынылып отыр. Ол жөнінде Ғылыми хатшы баяндайды.

Т.Қаратаев – Қазіргі таңдағы институттағы штаттық өзгерістерге байланысты кеңес құрамына қатысты бұйрыққа келесідей толықтырулар мен өзгерістер ұсынылды. Ғылыми кеңестің құрамына қосылды: Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы ретінде полиция полковнигі Т.Қаратаев; Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі М. Алғожаев; Кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Т. Бисенова; Ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің ғылыми қызметкері полиция подполковнигі А.Алимпиев. Ғылыми кеңестің мүшелігінен шығарылды: кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының аға оқытушысы полиция капитаны А. Шамғанованың бала күтімі бойынша демалысқа шығуына байланысты; ғылыми-зерттеу және редакциялық баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы полиция подполковнигі А.Сағынтаеваның бала күтімі бойынша демалысқа шығуына байланысты; қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, з.ғ.к. Г. Сулейманованың жұмыстан кетуіне байланысты; кәсіби-психологиялық даярлық кафедрасының оқытушысы полиция подполковнигі А. Өмірзақова.

Жалпы кеңес мүшелерінің саны 27 адамды құрап отыр.

Ғ. Есболаев – Қатысушылар сұрақтарыңыз бар ма?

Қатысушылар – Сұрақ жоқ. Қолдаймыз.

Ғ. Есболаев – Сұрақтарыңыз болмаса ғылыми хатшы бұйрық жобасын бекітуге ұсынады.

ШЕШІМ:

1 Ақпарат назарға алынды.

2. «Ғылыми кеңестің құрамына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрықтың жобасы талқыланып, бір ауыздан мақұлданды.

3. Бұйрық жобасы институт бастығымен бекітуге ұсынылатын болады.

2. ТЫНДАЛДЫ:

КДФ 1 курс (2024 ж.ж.) және 2 курс (2025 ж.ж.) курсанттарының 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылатын оқу пәндері бойынша емтихандар өткізу нысанын анықтау туралы *(Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі Н. Чупринюктің ақпараты)*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев –КДФ 1 курс (2024 ж.ж.) және 2 курс (2025 ж.ж.) курсанттарының 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылатын оқу пәндері бойынша емтихандар өткізу нысанын анықтау туралы алдын ала Оқу-әдістемелік кеңестерінде қаралып, мақұлданған. Ескертулер мен ұсыныстар болды ма?

Е. Қайнар – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бекітілген оқу жұмыс жоспарларына сәйкес, қысқы емтихан сессияларын өткізу жоспарлануда: 2025 жылғы 29 желтоқсан мен 2026 жылғы 25 қаңтар аралығында 1 курс курсанттары үшін (2025 жылғы қабылдау); 2025 жылғы 15 желтоқсан мен 2026 жылғы 18 қаңтар аралығында 2 курс курсанттары үшін (2024 жылғы қабылдау). Бекітілген 1 курстың курсанттарының жұмыс оқу жоспарына сәйкес 1 семестрде 9 пән бойынша емтихандар жоспарланған. Институт кафедраларының мүшелері емтихандарды қабылдауды тестілеу және ауызша (билетпен) өткізуді ұсынып отыр.

А. Ибраева – Мемлекет және құқық теориясы пәнінен емтиханды ауызша өткізуді ұсынып отырмын. Себебі осы арқылы курсанттардың білім деңгейін, сөйлеу деңгейін толық анықтауға болады деп есептеймін.

Н. Каирова – 1 курс курсанттары да жазғы кезеңде «Тарих» пәнінен мемлекеттік емтихан тапсырады. Аталған пәннен емтиханды ауызша өткізуді ұсынып отырмын. Себебі осы арқылы курсанттардың білім деңгейін, сөйлеу деңгейін толық анықтауға болады деп есептеймін. Сонымен бірге осында алған білім көрсеткіші тікелей дипломға өз әсерін тигізеді.

Е. Қайнар – Ал мен аталған емтихандарды тек тест түрінде болғандығын дұрыс деп есептеймін. Бұл мемлекеттің саясатына қайшы келмейді.

Н.Саханова –Мен де Мемлекет және құқық теориясы пәнінен емтиханды «Тарих» пәнінен мемлекеттік емтиханды ауызша болғандығы дұрыс деп есептеймін.

Ғ. Есболаев – Әрине қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сай емтиханды тест және ауызша түрде алуға болады. Бірақ мемлекетіміздің басты

мақсаты шынайылықты қажет етеді. Курсанттардың да білім деңгейі мен сөйлеу қабілеттілігін арттыру аса қажет. Оқу-әдістемелік кеңесінде де аталған сұрақ қаралған екен. Сондықтан емтиханды аралас тәртіпте жүзеге асыруды ұсынамын.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан келісіп отыр. Қарсылық болған жоқ.

ШЕШІМ

1) 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылған пәндер бойынша 1 және 2 курс курсанттардың (2024 ж. қ. және 2025 ж.қ.) емтихан қабылдау нысандары мен тәртібі кафедра ұсыныстарына сай мақұлданды.

Қабылдаушы кафедралар тестілеу нысаны бойынша өткізетін емтихандарға 1 кредиттік пән бойынша - 100 сұрақ, 2 кредиттік пән бойынша - 150 сұрақ және 3-тен 5-ке дейін кредиттік пәндер бойынша 200 сұрақ дайындау ұсынылады. Қабылдаушы кафедраларға ауызша түрде өткізілетін емтихандарға пәннің сипатына қарай, бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінен 2-3 сұрақтан тұратын және пәннің ерекшелігіне байланысты бір тапсырма немесе практикалық тапсырмасы бар, емтихан билеттерін дайындау ұсынылады. Бұл ретте емтихан билеттерінің саны кемінде 30-дан кем болмауы тиіс.

Жауапты: кафедралар

Мерзімі: 2025ж. қазан

2) Пәнге бекітілген оқытушылар «Платонус» ААЖ енгізуге жататын тестілерді емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын жүйеге енгізілуін қамтамасыз етілсін.

Жауапты: кафедралар

Мерзімі: сессия басталғанға дейін 2 апта бұрын.

3) Әзірленген тест сұрақтары емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын кафедрамен тексеріліп, ұсынылатын сараптамалық қорытынды беріліп және отырысының үзіндісімен бірге БСМЖББ тапсырылуы керек.

Жауапты: кафедралар

Мерзімі: сессия басталғанға дейін 2 апта бұрын.

4) Тестілеуден өту үшін білім алушыларға әрбір пән бойынша 30 сұрақтан ұсынылды.

Жауапты: БСМЖББ

Мерзім: сессия барысында.

5) «Жалпы білім беру пәндер» кафедрасы «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханға - үш сұрақтан тұратын 30 данадан кем емес билеттер дайындалуы тиіс.

Мерзімі: 2025ж. қазан

Орын.: ЖББП кафедрасы

3 ТЫҢДАЛДЫ

1. КДФ ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша 1 курс (2024 ж.қ.) және 2 курс (2025 ж.қ.) 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылатын оқу пәндері бойынша емтихандар өткізу нысанын анықтау туралы

*Оқу-әдістемелік орталығының бастығы полиция полковнигі
Н. Чупринюктің ақпараты*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – 1. КДФ ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша 1 курс (2024 ж.қ.) және 2 курс (2025 ж.қ.) 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылатын оқу пәндері бойынша емтихандар өткізу нысанын анықтау туралы алдын ала Оқу-әдістемелік кеңестерінде қаралып, мақұлданған. Ескертулер мен ұсыныстар болды ма?

Е. Қайнар – Қазақстан Республикасы ІІМ М.Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының бекітілген оқу жұмыс жоспарларына сәйкес, КДФ ғылыми-педагогикалық магистратура бойынша 1 курс (2024 ж.қ.) және 2 курс (2025 ж.қ.) 2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылатын оқу пәндері бойынша емтихандар өткізу нысаны оқу-әдістемелік кеңестің талқылауында қаралды. Алайда кафедралар басшылары мен мүшелері емтихандарды қабылдауды тестілеу және ауызша (билетпен) өткізуді ұсынып отыр.

А. Ибраева – Емтиханды ауызша өткізуді ұсынып отырмын. Себебі осы арқылы курсанттардың білім деңгейін, сөйлеу деңгейін толық анықтауға болады деп есептеймін.

Аталған сұрақ бойынша: Д. Амангелдиев, Н. Каирова; Н.Саханова сөз сөйледі.

Ғ. Есболаев – Әрине қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сай емтиханды тест және ауызша түрде алуға болады. Сондықтан емтихан түрлері аралас тәртіпте болғаны дұрыс деп ойлаймын.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан келісті.

ШЕШІМ:

2025-2026 оқу жылының қысқы емтихан сессиясына шығарылған пәндер бойынша 1 және 2 курс магистранттардың (2024 ж. қ. және 2025 ж.қ.) емтихан қабылдау нысандары мен тәртібі кафедра ұсыныстарына сәйкес мақұлданды.

Қабылдаушы кафедралар тестілеу нысаны бойынша өткізетін емтихандарға 1 кредиттік пән бойынша - 100 сұрақ, 2 кредиттік пән бойынша - 150 сұрақ және 3 - тен 5-ке дейін кредиттік пәндер бойынша 200 сұрақ дайындау ұсынылады. Қабылдаушы кафедраларға ауызша түрде өткізілетін емтихандарға пәннің сипатына қарай, бағдарламаның әртүрлі бөлімдерінен 2-3 сұрақтан тұратын және пәннің ерекшелігіне байланысты бір тапсырма немесе практикалық тапсырмасы бар, емтихан билеттерін дайындау ұсынылады. Бұл ретте емтихан билеттерінің саны кемінде 30-дан кем болмауы тиіс.

Жауапты. Кафедралар

Пәнге бекітілген оқытушылар «Платонус» ААЖ енгізуге жататын тестілерді емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын жүйеге енгізілуін қамтамасыз етілуі тиіс.

Жауапты. Кафедралар, сессия басталғанға дейін 2 апта бұрын

Әзірленген тест сұрақтары емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын кафедрамен тексеріліп, ұсынылатын сараптамалық қорытынды беріліп және отырысының үзіндісімен бірге БСМЖББ – не тапсырылуы керек.

Жауапты. Кафедралар, Мерзімі: сессия басталғанға дейін
Тестілеуден өту үшін білім алушыларға әрбір пән бойынша 30 сұрақтан
ұсынылады.

Жауапты: БСМжББ

Мерзім: сессия барысында.

4 ТЫҢДАЛДЫ

**«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі»
(авт.К.Жакенов, В.Хасанова) оқу құралын талқылау**

*Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының аға
оқытушысы полиция майоры К.Жакеновтың ақпараты*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев –Құрметті әріптестер! Келесі К.Жакенов, В.Хасанова
«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралын
талқылауға ұсынып отыр. Сөз Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі
кафедрасының аға оқытушысы полиция майоры К.Жакеновқа беріледі.

К. Жакенов – Қайырлы күн әріптестер! «Қоғамдық қауіпсіздікті
қамтамасыз етудің сервистік моделі» оқу құралы оқу үрдісіне арналып отыр.
Оқу құралы кафедра, ғылыми әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, оған
оң пікірлер алынды. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер толық
зерделенді.

В.Хасанова – Жалпы, «Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің
сервистік моделі» оқу құралын дайындау себебі қазақ тілінде әдебиеттердің
жетіспеушілігіне және кітапханалық қорды толықтыру болып табылады. Бұрын
аталған оқу құралы орыс тілінде жарық көрген болатын.

Сөз сөйлегендер: Е. Қайнар; Н. Саханова; А. Ибраева; Т. Қаратаев

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» атты оқу
құралы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

«Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің сервистік моделі» атты оқу
құралына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: К.Жакенов, В.Хасанова

Мерзімі: 2025 ж. қазан

5 ТЫҢДАЛДЫ

**«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» (авт. Н.Думов,
А.Алмагамбетова) оқу құралын талқылау**

*Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының аға
оқытушысы полиция подполковнигі А.Алмагамбетованың ақпараты*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Құрметті әріптестер! Н.Думов, А.Алмагамбетова арқылы
«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» оқу құралы талқылауға

ұсынып отыр. Сөз Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі А.Алмағамбетоваға беріледі.

А. Алмағамбетова - Қайырлы күн әріптестер! «Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» оқу құралы оқу үрдісіне арналып отыр. Оқу құралы кафедра, ғылыми әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, оған оң пікірлер алынды. Қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер толық зерделенді.

Ғ.Есболаев – Сарапшының қорытындысы бар ма?

А.Алмағамбетова – Сарапшы ретінде Дархан Амангельдиев оң қорытынды берді. Сонымен қатар рецензенттерден пікірлер алынған болатын.

Е.Қайнар – Құрметті төраға және Ғылыми кеңес мүшелері. Аталған оқу құралы алдыңғы кеңестерден талқылаулардан өткен. Кемшіліктер жойылған.

Т. Қаратаев – Құрметті әріптестер. Мен аталған оқу құралымен танысып шықтым. Оқу құралында нормативтік құқықтық актілер мен ведомствалық актілер дұрыс пайдаланылған. Жалпы жұмысты баспаға ұсынуға болады деп есептеймін.

Сонымен бірге сөз сөйлегендер: Н. Саханова; А. Ибраева оқу құралына оң бағаларын берді.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан оқу құралын баспаға ұсыну туралы мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» атты оқу құралы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы» атты оқу құралына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: А.Алмағамбетова

Мерзімі: 2025 ж. қазан

6 ТЫҢДАЛДЫ

«Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы» (авт. А.Саттарова) **оқу құралын талқылау**

Қосымша білім беру факультетінің бастығы полиция полковнигі А.Саттарованың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев –Институттың 2025 жылға арналған ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес қосымша білім беру факультетінің бастығы полиция полковнигі А.Ф.Саттарова арқылы әзірленген «Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу: жаңа тәсілдер мен әдістер. Викторина «Мен өз құқығымды білемін!» оқу құралының талқылауға ұсынылып отырғандығын жеткізді.

Сөз алған А. Саттарова - «Оқу құралы кафедра, ғылыми әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, оған оң пікірлер алынғандығын, қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілердің толық зерделенгендігін жеткізді. Оқу құралы құқықтық тәрбие бойынша бірқатар оқу құралдарының жалғасы болып

табылады. Бұған дейін 2 оқу құралы дайындалды. Бұл – «ІІМ – біз сіздің достарыңыз» үстел ойыны оқу құралы/ Үстелдің ойыны «ІІО-БІз сіздің ДОспыз» (6-12 жас аралығындағы балалар үшін) және «7я» викторинасы (16 және одан жоғары жастағы балалар үшін) оқу-әдістемелік құралы. Жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушыларына құқықтық тәрбие беруді ұйымдастыру жүйесі және ювеналды полицияның қызметі талданды. Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеудің нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындалғандығын жеткізді.

Е. Қайнар - «Кәмелетке толмағанның құқықтық мәдениеті» ұғымының мазмұны, сондай-ақ, жеке тұлғаның құқықтық мәдениетінің құрамдас бөліктері ашылды. Бұл құқықтық тәрбие субъектілеріне құқықтық білім мен идеяларды қалыптастыруға, құқықтық сезімдер мен көзқарастарды, білімді практикада қолдану дағдыларын дамытуға, сондай-ақ заңды мінез-құлықтың оң тәжірибесін алуға мақсатты түрде күш салуға мүмкіндік беретіндігіне тоқталды.

А. Ибраева – Оқу құралында Кәмелетке толмағандарға құқықтық тәрбие беруді ұйымдастыру бойынша басқа мемлекеттердің тәжірибесі жинақталғандығын, бұл оқу орындары мен полиция бөлімшелері қызметінің тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік беретіндігін айтты. «Кәмелетке толмағандарды құқықтық тәрбиелеу: жаңа тәсілдер мен әдістер. Викторина «Мен өз құқығымды білемін!» кәмелетке толмағандарға, тәрбиешілерге және ювеналдық полиция қызметкерлеріне пайдалы болады. Қазақстан республикасының қылмыстық - процестік құқығы»(е.б.) оқу құралын осы аталған пән бойынша оқу үдерісіне енгізу лайықты екендігін айтып өтті.

Л. Жубандыкова – А. Саттаровамен орындалған «Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы» оқу құралы талапқа сай, жауапкершілікпен орындағанын айтып өтті. Ұсынылған жұмыс ғылыми және нормативтік нақты материалды кең және түбегейлі талдауға негізделген, логикалық бай авторлық қорытындыларға әкеледі, сондай-ақ автордың ұсыныстары практикалық маңыздылығы мен қолданылуына ие, олардың ғылымда да, практикада да қолданыла алатындығын көрсетеді.

Е. Алдияров - сөз алып, ғылыми зерттеу көлемі, оқу құралында қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін айта отырып, оқу құралында көптеген заң аясындағы өзекті болып келген мәселелер қамтылған және құқық саласы мамандарына өте қажетті оқу құралы деп білетіндігін айтты. Сонымен қатар болашақ заңгерлерді дайындауда білім алушылардың оқу процесіне дәріс сабақтарында пайдалануда үлкен маңызы бар. Құқық мамандығы бойынша білім алушыларды теориялық білімдерін жетілдіруге қажетті оқу құралы деп, өз пікірімен бөлісті.

Сөз сөйлегендер: Н.Каирова; А. Ибраева; А. Мерғалиев аталған пікірмен келісті.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан оқу құралын баспаға ұсынуды мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы» атты оқу құралы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

«Правовое воспитание несовершеннолетних: новые подходы и методы» атты оқу құралына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: А.Саттарова

Мерзімі: 2025 ж. қазан

7 ТЫНДАЛДЫ

«Иностранный язык (профессиональный)» (авт.А.Мухтарова) оқу құралын талқылау

Жалпы білім беру кафедрасының аға оқытушысы А.Мухтарованың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев –Құрметті әріптестер! А. Мухтарова арқылы әзірленген «Иностранный язык (профессиональный)» атты оқу құралы талқылауға ұсынып отыр. Сөз Жалпы білім беру кафедрасының аға оқытушысы А.Мухтароваға беріледі.

А.Мухтарова - Қайырлы күн әріптестер! «Иностранный язык (профессиональный)» оқу құралы оқу үрдісіне арналып отыр. Оқу құралы кафедра, ғылыми әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, оған оң пікірлер алынды.

А. Саттарова - Оқу құралы магистранттардың кәсіби қызметінде қажетті ағылшын тіліндегі коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, кәсіби лексика мен грамматикалық құрылымдарды терең меңгеруге, сондай-ақ құқық қорғау саласындағы нақты кәсіби ситуацияларды шешуге қабілеттілігін дамытуға бағытталған. Оқу құралына Ақтөбе өңірлік университетінің аға оқытушысы филология ғылымдарының кандидаты – Вахитова Танзиля Фанисовна.; т«Русский мир» орталығының жетекшісі педагогика ғылымдарының кандидаты – Емельянова Е.В.;Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының бастығы заң ғылымдарының кандидаты – Каирова Н.И. оң ұсынымдар берген. Оқу құралын баспаға ұсынуды қолдады.

М. Найманбаев - оқу құралының құрылымы мен мазмұны талаптарға сай. Оқу құралы оқу жоспарына сәйкес әзірленген және 15 бөлімнен тұрады. Әр бөлімде лексикалық тақырыптар (кәсіби лексика, құқық қорғау саласындағы терминдер) және грамматикалық материалдар қамтылған.

Сөз сөйлегендер: А.Алимпиев; Н.Чупринюк; А. Мерғалиев бір ауыздан оқу құралын баспаға ұсынуды қолдады.

Ғылыми кеңес мүшелері – аталған ұсынысты бір ауыздан мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Иностранный язык (профессиональный)» атты оқу құралы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

«Иностранный язык (профессиональный)» атты оқу құралына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: А.Мухтарова

Мерзімі: 2025 ж. қазан

8 ТЫҢДАЛДЫ

«Философия права» (авт. Н.Каирова) оқу құралын талқылау

*Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы Н.Каированың
ақпараты*

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Н.Каирова арқылы әзірленген «Философия права» атты оқу құралы талқылауға ұсынып отыр. Сөз Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы Н.Каирова беріледі.

Н.Каирова - Қайырлы күн әріптестер! «Философия права» оқу құралы оқу үрдісіне арналып отыр. Оқу құралы кафедра, ғылыми әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, оған оң пікірлер алынды. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер толық зерделенді.

Л. Жубандыкова – Н. Каировамен орындалған «Философия права» оқу құралы талапқа сай, жауапкершілікпен орындағанын айтып өтті. Ұсынылған жұмыс ғылыми және нормативтік нақты материалды кең және түбегейлі талдауға негізделген, логикалық бай авторлық қорытындыларға әкеледі, сондай-ақ автордың ұсыныстары практикалық маңыздылығы мен қолданылуына ие, олардың ғылымда да, практикада да қолданыла алатындығын көрсетеді.

Е. Алдияров - . сөз алып, ғылыми зерттеу көлемі, оқу құралында қойылатын барлық талаптарға сәйкес келетіндігін айта отырып, оқу құралында көптеген заң аясындағы өзекті болып келген мәселелер қамтылған және құқық саласы мамандарына өте қажетті оқу құралы деп білетіндігін айтты. Сонымен қатар болашақ заңгерлерді дайындауда білім алушылардың оқу процесіне дәріс сабақтарында пайдалануда үлкен маңызы бар. Құқық мамандығы бойынша білім алушыларды теориялық білімдерін жетілдіруге қажетті оқу құралы деп, өз пікірімен бөлісті.

Сөз сөйлегендер: Н.Чупренюк; Д. Амангелдиев; Н. Саханова аталған пікірмен келісті.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан оқу құралын баспаға ұсынуды мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Философия права» атты оқу құралы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

«Философия права» атты оқу құралына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: Н.Каирова

Мерзімі: 2025 ж. қазан

9 ТЫҢДАЛДЫ

«Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» дөңгелек үстел материалдары бойынша жинағын талқылау

Жалпы білім беру пәндері кафедрасының бастығы Н.Каированың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Әріптестер жалпы білім беру пәндері кафедрасы арқылы 30 қыркүйек 2025 жылы «Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» дөңгелек үстел өткізу жоспарлануда. Осыған байланысты бұл айда жинақ дайын болмайды. Бірақ, дөңгелек үстелдердің жинағын талқылауға бұдан кейін Ғылыми-әдістемелік кеңестің шешімі жеткілікті болар. Сондықтан аталған іс-шараның жинағын талқылау ҒӘК-тің қазан айындағы отырысында қаралатын болады.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Қазақстан полициясының болашақ қызметкерлерінің бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру» атты дөңгелек үстел материалдары бойынша жинағын ҒӘК отырысында талқылау жөнінде шешім қабылданды.

10. ТЫҢДАЛДЫ

«Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын талқылау

Қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Л.Жубандыкованың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – 2025 жылы 26 қыркүйекте Қылмыстық құқық және криминология кафедрасы арқылы «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізу жоспарлануда.

Сондықтан полиция подполковнигі Л.Жубандыковадан халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын ҒК №3 отырысында талқылау жөнінде баянат түсті.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық зомбылық: себептері, салдары, практикалық шешімдері» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын ҒК №3 отырысында талқылау жөнінде шешім қабылданды.

11. ТЫҢДАЛДЫ

«Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын талқылау

Арнайы тактикалық даярлық кафедрасының доценті полиция подполковнигі Е.Туребековтың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Арнайы тактикалық даярлық кафедрасының доценті полиция подполковнигі Е.Туребековтен жинақты талқылауды келесі отырысқа ауыстыру туралы баянат келіп түсті.

Е. Туребеков - институттың бекітілген 2025 жылғы Ғылыми-зерттеу жұмысы жоспарына сәйкес, арнайы-тактикалық даярлық және дене шынықтыру даярлығы кафедраларының профессорлық-оқытушылар құрамымен 2025 жылғы 19 қыркүйек күні Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияны қашықтық форматында өткізу жоспарланды.

Институттың Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысы қыркүйек айының 17-не өткізілуіне байланысты, аталған конференцияның жинағын дайындап, шығару мүмкін болмай тұр. Аталған жинақты Ғылыми-әдістемелік кеңес отырысының қазан айына шығаруды ұсынылып отыр.

Бір ауыздан мақұлданды.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Атыс, арнайы-тактикалық және кәсіптік-қолданбалы дене дайындығының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын ҒК №3 отырысында талқылау жөнінде шешім қабылданды.

12. ТЫНДАЛДЫ

Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдарды талқылау (авт. В.Хасанова, Н.Думов, Д.Муканова, А.Умурзакова) (2025 ж. 27.08 №1 ҒК шешімі)

Әкімшілік құқық және ІІО әкімшілік қызметі кафедрасының доценті полиция подполковнигі В.Хасанованың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – В.Хасанова, Н.Думов, Д.Муканова, А.Умурзакова арқылы әзірленген «Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша әдістемелік ұсынымдар» талқылауға ұсынылып отыр.

В.Хасанова – Құрметті төраға және әріптестер! Аталған тақырып бойынша зерттеу жұмыстары ІІМ тапсырысы негізінде әзірленді. Қазіргі таңда әдістемелік ұсынымдарды ІІМ жіберу шарт.

Е. Қайнар - Аталған ұсынымдар барлық кеңестің талқылауларынан өткен. Оң баға берілген. Сондықтан ғылыми кеңестің отырысына ұсынылды.

Н. Каирова – аталған ізденіс тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жан-жақты қаралған. Жергілікті ішкі істер органдарымен зерттеу барысында бірлескен жұмыстар жасалынған. Қолданыстағы бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер жасау ұсынылады.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Чупринюк; М. Найманбаев; Н. Саханова сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан ғылыми ұсынымды жіберуді мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бойынша» әдістемелік ұсынымдар талқыланып ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: В.Хасанова

Мерзімі: 2025 ж. Қазан

13. ТЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан ауысып келген ғылыми-педагогикалық магистратурасының 2-курс магистранттары полиция аға лейтенанты Ж.Самигуллинның, полиция аға лейтенанты Г.Қуанышбекқызының магистрлік диссертациясының тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін тағайындау туралы

Кәсіби даярлық факультетінің бастығы полиция полковнигі Д.Амангельдиевтің ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Күн тәртібінде Қазақстан Республикасы ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясынан ауысып келген ғылыми-педагогикалық магистратурасының 2-курс магистранттары полиция аға лейтенанты Ж.Самигуллинның, полиция аға лейтенанты Г.Қуанышбекқызының магистрлік диссертациясының тақырыптарын және ғылыми жетекшілерін тағайындау туралы сұрақ тұр. Сөз Кәсіби даярлық факультетінің бастығы полиция полковнигі Д.Амангельдиевке беріліп отыр.

Д.Амангельдиев – Құрметті әріптестер күн тәртібінде магистрлік диссертациялық зерттеу тақырыптарды бекіту тұр. Полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллинаға «Жаһандық интернет желісін пайдалана отырып жасалған есірткі құралдарының заңсыз айналымын тергеп-тексеру ерекшеліктері» тақырыбын; полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызына «Қаржы пирамидаларын құруға және басқаруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу ерекшеліктері» тақырыбын таңдады. Аталған магистранттар ғылыми жетекшілер ретінде: полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллинаға – Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Д. Амангельдиевті; полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызына – Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Н. Саханованы таңдап отыр. Магистранттар, полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллина және полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызы Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасына бекіту ұсынылды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

Магистрлік диссертациялық зерттеу тақырыптарды бекітілді:

- полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллинаға «Жаһандық интернет желісін пайдалана отырып жасалған есірткі құралдарының заңсыз айналымын тергеп-тексеру ерекшеліктері» тақырыбы;

- полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызына «Қаржы пирамидаларын құруға және басқаруға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу ерекшеліктері» тақырыбы.

Ғылыми жетекшілер ретінде:

- полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллинаға – Кәсіби даярлық факультетінің бастығы, философия докторы (PhD), полиция полковнигі Д. Амангельдиев;

- полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызына – Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасының бастығы, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі Н. Саханова тағайындалды.

Магистранттар, полиция аға лейтенанты Ж. Самигуллина және полиция аға лейтенанты Г. Қуанышбекқызы Қылмыстық процесс және криминалистика кафедрасына бекітілді.

14. ТЫҢДАЛДЫ

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу денгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау

Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е.Алдияровтың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Күн тәртібінде «ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу денгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін талқылау тұр.

Сөз Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е.Алдияровқа беріледі.

Е. Алдияров - Основания для проведения исследования: пп.3.2 Комплексного плана мероприятий по БДД на территории государств-участников СНГ на 2024-2028 гг., утвержденного МВД от 15.09.2023 года.

Н. Каирова – аталған ізденіс тақырыбы бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары жан-жақты қаралған. Жергілікті ішкі істер органдарымен зерттеу барысында бірлескен жұмыстар жасалынған. Қолданыстағы бірқатар нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер жасау ұсынылады.

Сонымен қатар аталған сұрақ бойынша – Н. Чупринюк; М. Найманбаев; Н. Саханова сөз алды.

Ғылыми кеңес мүшелері – бір ауыздан қорытынды есепті мақұлдады.

Қалыс қалғандар жоқ

ШЕШІМ

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу денгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі талқыланып, мақұлданды.

«ТМД-ға қатысушы мемлекеттерде шу денгейі барынша рұқсат етілген шектен асатын көлік құралын басқаратын адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту» ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебін бекіту үшін институт бастығына ұсынылады.

Ғылыми зерттеу тақырыбы бойынша қорытынды есебі Қазақстан Республикасы ІІМ Әкімшілік полиция Комитетіне жолданатын болады.

Жауапты: Е.Алдияров

Мерзімі: 2025 ж. қазан

15. ТЫҢДАЛДЫ

«Заң мен Тәртіп: Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдарының жинағын талқылау

Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е.Алдияровтың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Конференцияның мақсаты өзекті - ғылыми және практикалық біліммен, сондай-ақ заңды сақтау және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мәселелерімен байланысты тәжірибемен алмасу үшін платформа құру болып табылады. Мемлекет басшысы жариялаған «Заң және тәртіп» апталығы – қоғамда құқықтық мәдениетті арттыруға бағытталған маңызды шара. Осы жөнінде ақпарат беру үшін сөз Көлік объектілерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру кафедрасының бастығы полиция подполковнигі Е.Алдияровқа беріледі.

А. Алдияров – Құрметті Ғылыми кеңестің мүшелері! «Заң мен тәртіп» идеологиясын іске асыру мақсатында ұйымдастырылған 2025 жылғы 19 маусымда институтымызда «Қазақстан республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің ғылыми негізделген тәсілдері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілген болатын. Қазіргі таңда аталған конференцияның жинағы әзірленіп талқылануға ұсынылып отыр. Аталған жинаққа 26 ғылыми мақала ендіріліп отыр. 276 беттен тұрады.

Ғылыми жинақтың жобасы барлық талаптарға сай келеді. Сондықтан жариялауға болады деп есептеймін.

Сөз сөйлегендер: А. Сахарбай; Н. Каирова; Н. Саханова жинақтың талапқа сай екендігін атап өтті.

Ғылыми кеңес мүшелері - бір ауыздан мақұлданды.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

«Заң мен Тәртіп: Қазақстан Республикасының жолдарындағы апаттылықты төмендетудің өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми

тәжірибелік конференция материалдарының жинағы талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

Конференция материалдарының жинағына ISBN алу және баспаханаға ұсыну жөнінде шешім қабылданды.

Жауапты: Е.Алдияров

Мерзімі: 2025 ж. қазан

16. ТЫҢДАЛДЫ

Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің Ережесін қарау

ЖҚЖБ бастығы полиция подполковнигі А.Курманованың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – сөз ЖҚЖБ бастығы полиция подполковнигі А.Курмановаға беріледі.

А. Курманова – Құрметті Ғылыми кеңестің мүшелері! Бізде жақын арада институтта штаттық өзгерістер болды. Осыған байланысты бұрынғы бөлім Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлім ретінде қайта бекітілді. Біз сондықтан бөлімнің атауының өзгеруіне байланысты қайта ереженің жобасын жасап өздеріңіздің талқылауларыңызға ұсынып отырмыз.

Ереже 10 тармақтан тұрады. Осында бөлімнің негізгі мақсаты мен міндеттері көзделген. Барлық талаптарға сай

С. Айжанов – аталған ережемен толық танысып шықтым. Талапқа сай жасалынған. Сондықтан бұйрықпен бекітуге болады деп есептеймін.

Сөз сөйлегендер: А. Сахарбай; Е. Қайнар ереженің талапқа сай екендігін атап өтті.

Ғылыми кеңес мүшелері - бір ауыздан мақұлданды.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің Ережесі талқыланып, бірауыздан мақұлданды.

Жеке құраммен жұмыс жөніндегі бөлімінің Ережесін бекіту үшін институт бастығына ұсынылатын болады.

17. ТЫҢДАЛДЫ

Жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Ш.Жайлаубаеваның баянаты

(78 т. «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» оқу-көрнекілік құралын оқу құралына ауыстыру)

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Құрметті әріптестер! Институттың 2024-2025 жж Ғылыми кеңесінің жоспарының 78 тармағына сай жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы полиция подполковнигі Ш.Жайлаубаевамен «Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» оқу-көрнекілік құралын әзірлеу жоспарланған. Осыған байланысты автор арқылы аталған жұмысты оқу құралына ауыстыру жөнінде баянат түсті. Ал, Ш. Жайлаубаеваның ұсынысы

қабылданып, оның оқу құралын талқылауды Ғылыми-кеңестің келесі, яғни ҒК-тің №3 отырысына қалдыруды сұраймын.

Кеңес мүшелерімен бір ауыздан қолдау тапты.

Қалыс қалғандар жоқ.

ШЕШІМ

«Қазақстан Республикасының отбасы құқығы» оқу-көрнекілік құралын оқу құралына ауыстыру жөнінде сұрақ мақұлданып, оқу құралын ҒК №3 отырысында талқылау жөнінде шешім қабылданды.

18. ТЫНДАЛДЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 30 жылдығын мерекелеуге арналған негізгі іс-шаралар жоспарын талқылап, мақұлдау

Институт бастығының орынбасары полиция полковнигі Е.Қайнардың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ғ. Есболаев – Құрметті әріптестер! Өздеріңіз білесіздер 2026 жылы оқу орнының құрылғандығына 30 жыл толады. Осыған орай біз оқу орнының мерекесін тиісті деңгейде атап өтуіміз керек. Сондықтан мен Е. Қайнарға іс-шараны атқарудың жоспарын жасауды тапсырған болатынмын. Жоспармен таныстыру үшін сөз Е. Қайнарға беріледі.

Е.Қайнар – Құрметті төраға және Ғылыми кеңес мүшелері! Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 30 жылдығын мерекелеуге арналған негізгі іс-шаралар жоспарын жасап талқылауға ұсынып отырмын. Жоспар 20 тармақтан тұрады. Жоспарға сай ғылыми конференциялар өткізу, спорт жарыстары, ағаш отырғызу және өзге де жұмыстар жүзеге асырылатын болады. Сонымен қатар, Республикалық және өңірлік газеттерде жарияланымдар, теле және радиорепортаждар, басшылықпен, оқытушылармен және түлектермен сұхбаттар. Ғылыми-көпшілік басылымдарда мақалалар; ресми сайтта және әлеуметтік желілерде ақпараттық материалдар жарияланатын болады.

Сонымен қатар: С. Айжанов; М. Алғожаев; А. Сахарбай сөз сөйледі.

Жоспардың жобасы Ғылыми кеңестің мүшелерімен толықтай мақұлданды.

ШЕШІМ

«Қазақстан Республикасы ІІМ М. Бөкенбаев атындағы Ақтөбе заң институтының 30 жылдығын мерекелеуге арналған негізгі іс-шаралар жоспары» талқыланып, мақұлданды.

Аталған іс-шаралар жоспары бекіту үшін институт бастығына ұсынылатын болады.

19. ТЫНДАЛДЫ

Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы туралы

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы полиция полковнигі Т.Қаратаевтың ақпараты

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Т. Каратаев – Құрметті әріптестер! Ғылыми кеңестің 27.08.2025 жылғы №1 отырысы шешімдерінің толық орындалды.

5 тармақ бойынша: Е. Туребеков, Е. Балмуханов, Е. Сибогатов, А. Кушкимбаев, А. Алимжанов, Д. Кузиков арқылы әзірленген «ІО қызметкерлерінің қауіпсіздігінің негіздері» атты оқу құралы ISBN алынып 15.09.2025 жылы «ADAL KITAP» баспасына жолданды.

7 тармақ бойынша: А.Ыбыраева, А. Мухтарова арқылы әзірленген «Ақпараттық коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)» атты оқу құралы ISBN алынып 09.09.2025 жылы «ADAL KITAP» баспасына жолданды.

9 тармақ бойынша: «Кәметке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу тақырыбындағы ғылыми зерттеу жұмысының қорытынды есептері» жоспарға сай ҚР ІМ Әкімшілік полиция комитетіне жолданды (2025 ж 04.09 шығ №1483)

ШЕШІМ

Ғылыми кеңестің 27.08.2025 жылғы №1 отырысының шешімдерінің 5;7;9 орындалуы туралы ақпарат талқыланып, мақұлданды.

Қосымша:

20 АЗИ магистанттары мен ғылыми жетекшілердің есептерін ҒК №3 отырысында қарау жөнінде шешім қабылданды.

21 Институттың Оқу-әдістемелік және Ғылыми-әдістемелік кеңестердегі талқылаулар міндетті түрде институттың оқу ісі жөніндегі және ғылыми істер жөніндегі орынбасарлардың қатысуымен жүзеге асырылуы тиіс.

22 Н. Саханова; Б. Мухамедиярова; Р. Молдыбаева арқылы әзірленген «Осмотр места происшествия» атты оқу-көрнектілік құралын ҒК №3 отырысында қарап, талқылау жөнінде шешім қабылданды.

Ғылыми кеңестің төрағасы
заң ғылымдарының кандидаты, доцент
полиция полковнигі



Ғ. Есболаев

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы
заң ғылымдарының кандидаты,
полиция полковнигі



Т. Қаратаев

27.09.2025